

## Үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 15 желтоқсандағы № 357 қаулысы

**Ескерту. 19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы қаулының 2-тармағымен.**

"Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-2-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындалсын.

2. Осы қаулы 2026 жылғы 19 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Степаненко*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы әкімдігінің  
2025 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 357 қаулысына  
қосымша

## Үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындар

1. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарының аумақтарында.
2. Білім беру ұйымдарының аумақтарында.
3. Дене шынықтыру-спорт ұйымдарының аумақтарында.
4. Медициналық ұйымдарының аумақтарында.
5. Емдеу ұйымдарының аумақтарында.
6. Мәдениет ұйымдарының аумақтарында.
7. Балалар және спорттық ойын алаңдарының аумақтарында.